

Мырзаберген Малбақов^{1*}, Мендікыз Бердиллаева², Дархан Малбақов³^{1*} автор-корреспондент, филология ғылымдарының докторы, профессор,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0002-3352-0438 E-mail: myrzabergen@mail.ru²гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қазақ спорт және туризм академиясы,
Қазақстан, Алматы қ. ORCID: 0000-0003-4484-1461 E-mail: mendikyz07@mail.ru³гуманитарлық ғылымдар магистрі, Нархоз Университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0003-0013-7552 E-mail: darkhan.malbakov@narhoz.kz**В.В. РАДЛОВ СӨЗДІГІНДЕГІ ҚАЗАҚ СӨЗДЕРІНІҢ
ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Андатпа. Мақала В.В. Радлов сөздігіндегі қазақ сөздерінің лексика-семантикалық қолданым ерекшеліктерін зерттеуге арналады. В.В. Радлов сөздігінде қазақ тілі лексикасы мол қамтылған. Зерттеу жұмысының мақсаты – осы қазақ тілі лексикасы құрамындағы сөздердің лексика-семантикалық қолданым ерекшеліктерін анықтау. Жеке қарастыруымыздың ең басты себебі – негізгі материалдары XIX ғасырдың орта тұсынан бастап жинақталып, сол ғасырдың соңғы ширегінде жарық көрген қазақ сөздерінің семантикасы қазіргі заманауи қазақ тіліндегі сөздердің семантикасынан біршама ерекшеленеді. Арада жүз елу жыл өткендіктен, ол кездегі сөздердің мән-мағынасында қазіргі сөздердің мағынасынан сәл де болса айырмашылықтың болуы – заңды құбылыс. Ресей империясының қол астына қарауына байланысты дәстүрлі қазақ қоғамында күрделі жүйелік және құрылымдық өзгерістер орын алды. Ресейде бірнеше төңкерістер болып, социалистік қоғам орнады, Кеңестік социалистік республикалар одағы ыдырап, еліміз егемендік алды. Міне, осының бәрі қазақ сөзінің құрамына, оның семантикасына әсер етпей қойған жоқ. Жүз елу жылдық уақыт аралығында сөз семантикасында болған өзгерістерді зерттеу – қазақ тілінің тарихы мен тарихи лексикологиясы үшін маңызды іс болып табылады. Бұл негізінен зерттеудің ғылыми-практикалық маңыздылығын айқындайды. Мақалада сөздерді іріктеу, жүйелеу, семантикалық топқа бөлу, құрылымдық сипаттау, синхрондық және диахрондық талдау, салғастыру әдістері қолданылады. Жүргізіліп отырған зерттеудің қазақ лексикасын тарихи-лексикологиялық, тарихи-лексикографиялық тұрғыдан зерделеудегі құндылығы айқын.

Тірек сөздер: сөздік; лексика; лексикография; лексикология; семантика**Қаржыландыру көзі:** Мақала AP19677715 «В.В. Радлов сөздігі: XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы қазақ сөздерінің лексикографиялануы мен қалыптануы (лексика-семантикалық аспект)» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.**Сілтеме жасау үшін:** Малбақов М., Бердиллаева М., Малбақов Д. В.В. Радлов сөздігіндегі қазақ сөздерінің лексика-семантикалық қолданым ерекшеліктері. *Tiltanym*, 2024. №3 (95). 22-30-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-22-30>**Мырзаберген Малбақов^{1*}, Мендікыз Бердиллаева², Дархан Малбақов³**^{1*} автор-корреспондент, доктор филологических наук, профессор,
Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0002-3352-0438 E-mail: myrzabergen@mail.ru² магистр гуманитарных наук, Казахская академия спорта и туризма,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0003-4484-1461 E-mail: mendikyz07@mail.ru³ магистр гуманитарных наук, Университет Нархоз, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0003-0013-7552 E-mail: darkhan.malbakov@narhoz.kz**ОСОБЕННОСТИ ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКОГО УПОТРЕБЛЕНИЯ
КАЗАХСКИХ СЛОВ В СЛОВАРЕ В.В. РАДЛОВА**

Аннотация. Статья посвящена изучению особенностей лексико-семантического употребления казахских слов в словаре В.В. Радлова. В словаре В.В. Радлова представлен богатый словарный состав казахского языка. Целью исследовательской работы является определение особенностей лексико-семантического употребления слов в словарном составе казахского языка. Основной причиной отдельного рассмотрения данного вопроса является то, что семантика казахских слов, основные материалы по которым собирались с середины XIX века и публиковались в последней четверти того же столетия, несколько отличается от семантики соответствующих слов в современном казахском языке. Поскольку с тех пор прошло уже сто пятьдесят лет, то существование незначительной разницы в значении слов того времени от значения слов сегодня является закономерным явлением. В связи с присоединением

к Российской империи в традиционном казахском обществе произошли сложные системные и структурные изменения. В России произошло несколько революций, было создано социалистическое общество, распался Союз Советских Социалистических Республик, а наша страна обрела независимость. И все это не могло не отразиться на структуре казахского слова и его семантике. Изучение изменений семантики слов на протяжении ста пятидесяти лет является важной задачей истории и исторической лексикологии казахского языка. Это во многом определяет научную и практическую значимость исследования. В статье использованы методы выборки и систематизации слов, семантической группировки, структурного описания, синхронного и диахронического анализа, сравнения. Ценность проведенного исследования по изучению казахской лексики с историко-лексикологической и историко-лексикографической точек зрения очевидна.

Ключевые слова: словарь; лексика; лексикография; лексикология; семантика

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования №AP19677715 «Словарь В.В.Радлова: лексикографирование и кодификация казахских слов II половины XIX в. и начала XX в. (лексико-семантический аспект)».

Для цитирования: Малбаков М., Бердиллаева М., Малбаков Д. Особенности лексико-семантического употребления казахских слов в словаре В.В. Радлова. *Tiltanym*, 2024. №3 (95). С. 22-30. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-22-30>

Myrzabergen Malbakov^{1*}, Mendikyz Berdillaeva², Darhan Malbakov³

^{1*}Corresponding author, Doctor of Philological Sciences, Professor,

A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0000-0002-3352-0438 E-mail: myrzabergen@mail.ru

²Master of Arts in Humanities, Kazakh Academy of Sports and Tourism,

Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-4484-1461 E-mail: mendikyz07@mail.ru

³Master of Arts in Humanities, Narkhoz University, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0000-0003-0013-7552 E-mail: darkhan.malbakov@narxoz.kz.

FEATURES OF LEXICO-SEMANTIC USE OF KAZAKH WORDS IN THE DICTIONARY OF V.V. RADLOV

Abstract. The article is devoted to the study of the features of the lexical and semantic use of Kazakh words in the dictionary of V.V. Radlov. The dictionary of V.V. Radlov presents a rich vocabulary of the Kazakh language. The purpose of the research work is to determine the features of the lexical and semantic use of words in the vocabulary of the Kazakh language. The main reason for a separate consideration of this issue is that the semantics of Kazakh words, the main materials on which were collected since the middle of the 19th century and published in the last quarter of the same century, is somewhat different from the semantics of the corresponding words in the modern Kazakh language. Since one hundred and fifty years have passed since then, the existence of a slight difference in the meaning of words of that time from the meaning of words today is a natural phenomenon. Due to the accession to the Russian Empire, complex systemic and structural changes took place in the traditional Kazakh society. Several revolutions took place in Russia, a socialist society was created, the Union of Soviet Socialist Republics collapsed, and our country gained independence. And all this could not but affect the structure of the Kazakh word and its semantics. The study of changes in the semantics of words over one hundred and fifty years is an important task of the history and historical lexicology of the Kazakh language. This largely determines the scientific and practical significance of the study. The article uses the methods of selection and systematization of words, semantic grouping, structural description, semantic unification, synchronic and diachronic analysis, comparison. The value of the conducted research on the study of Kazakh vocabulary from the historical-lexicological and historical-lexicographic points of view is obvious.

Keywords: dictionary; lexicon; lexicography; lexicology; semantics

Source of financing: The article was prepared within the framework of the project of the grant financing of the No. AP19677715 “Dictionary of V. V. Radlov: lexicography and formation of Kazakh words of the second half of the early XIX and XX centuries (lexico-semantic aspect)”.

For citation: Malbakov M., Berdillaeva M., Malbakov D. Features of Lexico-semantic Use of Kazakh Words in the Dictionary of V.V. Radlov. *Tiltanym*, 2024. №3 (95). P. 22-30. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-22-30>

Кіріспе

В.В. Радлов 1860-70 жылдары қазақ жеріне жасалған ғылыми экспедициялар кезінде қазақ тіліндегі сөздерді, ұғым атауларын ауызекі тілдік қолданымдағы тұлғасында тіркеп отырған. Сөздің семантикасындағы құбылыстарды да жіті аңғарып, дәл белгілеген. Сол тарихи кезеңде негізгі құрамы Ресей патшалығының қарамағында болған түркі халықтарының, тайпалары мен топтарының тілдік бай мұрасын мүмкіндігінше толық қамтуға тырысқан. Осыған байланысты

түркі тілдері бойынша түзілген шамамен жетпіс мың сөзді қамтитын үлкен сөздікте қазақ сөздерінің семантикасы жақсы ашылған. Бұл істе ғалымның кәсіби тілші маман болуының өте үлкен маңызы болды. Оның кәсіби біліктілігі, жоғары тілдік түйсіну қабілеті, тілдік компетенциясы жазып шыққан ғылыми еңбегінің айрықша сапалы болуына жағдай тудырды. Бұл еңбек өзінің маңызы жағынан түркі тілдері негізінде жасалған сөздіктер арасында ортағасырлық ғалым Махмұт Қашқаридың сөздігінен кейінгі орынды алады. Ғалымның бүкіл түркі тілдеріндегі сөздерді жинақтап, олардың семантикасын ашуда бірінші кезекте мағыналық жақындыққа емес, сыртқы тұлғалық, фонетикалық принципке арқа сүйеуі, сол арқылы сөздердің әрі тұлғалық, әрі семантикалық ерекшеліктерін дәл айқындауға ең дұрыс, дәл жолды табуы табысты шешім болғандығы айқын. Бұл зерттеменің қазақ сөзінің семантикасын ашу ісін тарихи лексикологиялық тұрғыдан жүргізетін болашақ зерттеулер үшін маңызды екендігі дау тудырмайды.

Материал және әдістер

В.В. Радловтың бұдан жүз елу жыл бұрынғы мезгілде, XIX ғасырдың орта тұсынан оның соңғы ширегіне дейінгі мерзімде, сол кезде әлемге белгілі негізгі түркі тілдерінің баршасын қамти отырып, түркітаным алаңында жазылған «Опыт словаря тюркских наречий» атты сегіз кітаптан тұратын төрт томдық еңбегі осы жұмыстың басты зерттеу нысаны, негізгі зерттеу материалы ретінде алынып отыр. Мұның өзі нақты тарихи кезеңдегі, яғни XIX ғасырдағы қазақ сөзінің лексикографиялану ерекшеліктерін айқындауға, олардың семантикасындағы тарихи лексикологиялық жағдаяттардың ашылуына әкеледі. Сөз семантикасын ғылыми-практикалық тұрғыдан зерделеу барысында сөздерді семантикалық топтар бойынша іріктеу, құрылымдық тұрғыдан жүйелеу, салааралық реттеу, сипаттама жасау, синхрондық және диахрондық талдау, өзара салғастыру әдістері қолданылады.

Әдебиетке шолу

Аталмыш сөздік 1888 жылдан 1911 жылға дейінгі кезеңде, негізгі үш тілде (түркіше-орысша-немісше), 24 басылымда жарыққа шыққан аса үлкен көлемді лингвистикалық шығармалар қатарына жатады (Радлов, 1888-1911). Бұл жұмыс туралы зерттемелер XX ғасырдың бас кезінен, Л.Штернберг (Штернберг, 1909), А.Н. Самойлович, Е.И. Убрятова, С.Кондучалова (Кондучалова, 1964) еңбектерінде, «Советская тюркология» журналы беттерінде, ғалым шығармашылығын зерттеу үшін арнайы ұйымдастырылған Бүкілодақтық түркологиялық конференцияларда, түркітаным саласында түзілген А.Н. Кононовтың, Ш.Ш. Сарыбаевтың библиографиялық еңбектерінде, әсіресе лексикография теориясына арналған Л.В. Щерба, А.А. Юлдашев, Ж.М. Гузев еңбектерінде кеңінен сөз болады. Академик В.В. Радлов сөздігіндегі түркі тілдерінің лексикасы туралы ғылыми зерттемелер соңғы жылдары барлық негізгі түркі тілдері бойынша көптеп жүргізіліп келеді. Солардың ішінде қырғызстандық тілші ғалымдар С.Мусаев пен С.Садыкованың мақалаларын (Мусаев, Садыкова, 2018; Садыкова, Мусаев, 2017), алматылық ғалымдар С.Құлманов пен Г.Бүркітбайдың (Құлманов, Бүркітбай, 2024) және Г.Мамырбек т.б. (Мамырбек, 2023; 2024), Қ.Таймуллинаның (Таймуллина, 2020), М.Малбақұлы мен М.Бердилаеваның (Малбақұлы, Бердилаева, 2024) жұмыстарын атауға болады. Бұл еңбектер ғалымның өз сөздігінде қамтыған түркі тілдері лексикасын лексикология мен лексикография ғылымдарының алуан түрлі қырларынан көрсетеді. В.В. Радлов сөздігіндегі қазақ сөздерінің семантикалық ерекшеліктері, әсіресе, қазақ ғалымы К.Ш. Хұсайынның «В.В. Радлов и казахский язык» атты зерттеуінде (Хусаинов, 1981) жақсы сөз болады.

Нәтижелер және талқылау

Аталмыш еңбектегі қазақ сөздерін семантикалық жақтан топтастырған кезде ол топтардың жалпы саны елуден асып кететіндігі белгілі болды. Біз осы мақалада сол орасан көп сөздердің ішінен ерекше, айрықша семантикалық белгілемелері, анықтамалары, түсініктемелері бар кейбіреуін ғана сөз етпекшіміз. Сөздікке алынған қазақ сөздерінің ішінде семантикалық тұрғыдан жақсы ашылған, мол қамтылған топ – «адам тіршілік иесі ретінде», «адам сезетін, ойлайтын, сөйлейтін тіршілік иесі ретінде» деп аталатын семантикалық топша. Сол топшаға кіретін «адамзат» сөзінің мағынасы былайша ашылған: «Адамзат [Kir., von *adam* + *zat*, pers. آدمزاد = آدمزاد] человек – der Mensch (im Gegensatz zu andern Geschöpfen); *Зенгі кызын адамзат*

албан ämäs никогда не женился человек на девице Зенгиев – noch niemals hat ein Mensch ein Sengi-Mädchen geheirathet (P. d. V. III, 556, 192) (Радлов, 1888: 487). Яғни аталмыш сөздік мақалада, біріншіден, сөздің екі жеке сөзден (*адам + зат*) құралған күрделі сөз екендігі жазылса, екіншіден, қазақ тіліне парсы тілінен енген кірме сөз екендігі айқын көрсетіліп отыр. Онымен бірге қазақ тіліндегі араб графикасында осы кірме сөздің екі бірдей тұлғасы қолданымда бар екендігі анық жазылып отыр. Үшіншіден, «адам баласы» ретіндегі мағынасы ашылғаннан кейін, сол кезеңдегі қазақы ортада айрықша маңызы бар сөйлем мысал ретінде беріліп отыр: «Зенгі қызын адамзат алған емес». Бұл нені көрсетеді? Бұл – сол кезеңде, яғни XIX ғасырда қазақтардың қара түсті нәсіл (зәңгі) қызын алмағандығын айғақтайды. Қазіргі заманда бұл тыйымның орындалмай отырғандығы, қазақ жігітінің негр қызға үйленіп, қазақ қызының қара нәсілге тұрмысқа шығып жатқандығы анық. Сөздік мақала соңында мысалдың ғалымның өзі шығарған он томдық «Образцы народной литературы тюркских племен» атты еңбектің қазақ тіліне арналған үшінші томынан алынғандығы, оның нақты беті мен реттік саны көрсетілген. Осы топшадағы «ата» сөзінің семантикалануы: «*ата* [1] отец: *кайн ата* – тесть; *оқұл ата* – старший друг молодого человека (последний в этом отношении называется *оқұл құйю*); *өгөі ата* – вотчим; 2) дед, предок: *Байбакты нәшә атаның баласы?* – на сколько ветвей разделяется род Байбакты? *үш атадан жан берәді* – в третьем поколении дают друг другу присягу; *үәтә атаба меткән соң кыз алысады* – в седьмом поколении родства можно жениться; *атаңның аузүн сігәйн! атаңның көрүн сігәйн!* (Кіг.) – ругань мужчин; *атаңның аузұна сігәйн* – ругань женщин]» (Радлов, 1888: 449-451). Бұл жерде байқалып отырғандай, әуелі сөздің бірінші мағынасы («әке») келтірілгеннен кейін, күйеуі өз әйелінің әкесін «қайын ата» дейтіндігі, жас жігіттің «өкіл атасы» болатындығы, өкіл атаға ол жігіттің «өкіл күйеуі» болатыны жазылған. Одан кейін тумаған әкенің «өгей ата» болып аталатындығы сөз болады. Енді сөздің «ата, ата-баба» мәніндегі екінші мағынасы ашылады да, адамдардың өзара туыстық дәрежесін ашатын мысал келтіріледі. Ол үшін «Байбакты неше атаның баласы?» деген сұрау тасталады. Бұл сұраудың мәні – Байбакты аталығының туыстығы қандай? Байбактылар неше атадан (ұрпақтан) бері өзара туыс болып саналады? – деген сөз. «Үш атадан жан береді» деген сөздің мағынасы – қазақтар өздерінің туыстығы бір атадан үш атаға дейінгі аралықта «бір қандас», «бір жандас» туыс саналады. Сол себепті дәл солай, яғни «қаны бір», «жаны бір» адамдай жауап береді деген сөз. Бұл сөздің мәні – «құн» төлеуге байланысты. Егер бір адам басқа бір атаның баласын абайсызда немесе қасақана өлтіріп алатын болса, оның, яғни айыпты адамның үш атаға дейінгі туыстары ердің құнына жауапты болады. Яғни, туысының тұрмысы нашар болған жағдайда өлген адам үшін берілетін құнды бірігіп төлейді. Ер адамның жаны (құны) – жүз жылқыға бағаланады. «Үш атадан жан береді» деген сөздің мән-мағынасы осындай. «Жеті атаға жеткен соң қыз алысады» деген сөздің мәні көпшілікке мәлім. «Қандас туыстық деңгейі жеті атадан асқан соң, қыз алысуға болады» дегенді білдіреді.

Ғалымның сөзге деген жауапкершілігінің жоғары екендігі осы сөзге байланысты ер адамның және әйел адамның боктық сөздеріне дейін келтіруінен байқалады. Германияда өскен жатжұрттық ғалымның өзге халықтарға деген құрметін, ол халықтың тіліндегі сөздің мән-мағынасын, сондай-ақ, сөздің арғы жағындағы ол елдің әдет-ғұрып, салт-санасына қатысты коннотацияларын толық, анық, ашық көрсетуінен байқауға болады.

Келесі кезекте «ай» атауына тоқталамыз. Бұл атаудың мән-мағынасын ашуда ғалым аса мұқияттылықты байқатады:

⁵ai [alle Dialecte, (Uig), اى (Dsch.), اى (Osm.), (Kar.), vergl. yi (jak.), ојых (Tschw.)]

1) луна – жаңы ай первые 15 дней луны, әскі ай последние 15 дней луны..., *ai толдү* (Sag. Kіg.) – полнолуние; *ai тұбан* – восхождение луны; 2) имеющий форму луны, лунообразный; *ai-балта* – аллебарда; 3) месяц: *тұатузун ай* (в будущий месяц)... Имена месяцев: ... g) у Киргизов 1) отамалы – май, 2) шілді, 3) шарша тамыз, 4) кара сағауз, 5) казан, 6) мизан (қырк үжөк), 7) целі токсан, 8) қаңтар, 9) ақпан, 10) науруз, 11) көкө, 12) мамыр. Известные дни года у зап. Киргизов: 1) коі коздайды – начало апреля; 2) биә байлаиды – конец апреля; 3) куралаі – холодное время во второй половине мая; 4) бес конак – от 2-4 апреля; 5) козу күзөм – от 15-20 июля; 6) соғұм – в декабре (Радлов, 1888: 6-8).

Бұл сөздің түркі тілдерінің барлық диалектілерінде кездесетінін жазған ғалым, салыстыру үшін саха тіліндегі *ыи* және чуваш тіліндегі *ојых* тұлғаларын келтіреді. Сөздің бірінші мағынасы ретінде аспандағы айды атайды. Бұл жерде барлық түркі тілдеріндегі аспандағы айға байланысты басты ұғым атаулары ретіндегі негізгі тұрақты тіркестерді келтіреді. Екінші мағына ретінде «ай тәрізді», «айдай» мәні ашылып, мысалға *айбалта* сөзі келтіріледі. Үшінші мағына ретінде уақыт мерзімі ретіндегі ай көрсетіледі. Бұдан кейін әрбір түркі тілдеріндегі (В.В. Радлов түсінігі бойынша «диалектілердегі») жыл ішіндегі он екі айдың атаулары беріледі. Кезек қазақ тіліне келгенде, он екі ай атаулары санамаланады. Ғалым жыл санауды көк жетілген кезден, жаз айларынан бастайды. Ең алдымен көзге түсетіні – мамыр айы екі атаумен аталған (отамалы, мамыр). Біздің ойымызша, алғашқы атау – халық тіліндегі көктің нағыз толысқан кезеңін білдіретін бейнелі атау. Және бұл жерде ғалым оны маусым айының атауы ретінде қолданып отырғандығы көрінеді. Айлардың кезегі, реттілігінде ойланатын жайлар бар секілді. Біздің ойымызша, бұл жердегі реттілік мынадай болу керек: отамалы (маусым), шілде, сарша (тамыз), қыркүйек («қырқын» уақытын және «күйек байлау» уақытын білдіреді), қазан, қараша (күздің қара суық айы), желтоқсан, қаңтар, ақпан, наурыз, көкек, мамыр.

Қазақ тіліндегі бір түс атауының (ақ) берілуіне тоқталып өтелік: ³ак – 1) белый; *цумуртканың ағы* – белок яйца. Слова сложные с ак: а) люди и их качества: *ак сұөк* – дворянство, султан; *ак сұөктұ* – благородный; *ак тамак* – белошейная женщина, лисий мех; *Ак-кан*, также *ак патса*, *ак патша* – русский царь; б) части тела и болезни: *ак тамыр* – сухая жила; *ак шеләк* – болезнь верблюдов; *ак бас* – болезнь лошадей; с) млекопитающие животные; д) птицы; е) рыбы; ф) растения; г) минералы; h) пища, продукты, изделия и утварь: *ак бас шаі* – фамильный чай; *ак ерімшік* – творог; *ак нан* – белый хлеб; *ак сун* – крученный каленкор; *ак қаса*, *ак қырт* – миткаль; *ак кіс* – белый войлок; і) географические имена, племенные названия: *Ак-мешіт* – форт Перовский; *Ак-тау* – гора Актау; 2) белый, чистый, несмешанный; 3) добродушный, чистосердечный, невинный: *ак көңүлдің аты арымас*, *тоны тозбас*, *кәң болса кәм болмас* – лошадь чистосердечного не худеет, шуба его не изнашивается, достаток его не уменьшается; *ак көкрөктұ* – честный (Радлов, 1888: 88-92). Бұл жердегі мысалдардан ғалымның кез келген атауға байланысты сөздік мақалаларды жүйе мен құрылымдық мәселелерді ескере отырып, қаншалықты тапқырлықпен, шыдамдылықпен жазып шығатынына көз жеткізуге болады. Түбі бір түркі тілдеріндегі мысалдарды қарастырып, өзара салыстырып отырып, әрбір жеке түркі тіліне қажетті атауларды табуға болады.

Ендігі кезекте ХІХ ғасырдағы қазақ тілінде ұшырасатын түрлі тап немесе топ өкілдерін, алуан түрлі қызмет атауларын, іс-шаруа түрлерін атаушы сөздерге назар аударалық. Жоғарыда адамдар мен олардың қасиеттерін атаушы сөздерге қатысты «*ак сұөк* – дворянство, султан; *ак сұөктұ* – благородный; *Ак-кан* = *ак патса* = *ак патша* – русский царь» аудармаларын бақыладық. Бұл жердегі *ақсүйек*, *ақ қан* атаулары – қазақтың бұрынғы дәстүрлі қоғамына тән атаулар болғандықтан, олардың тіліміздегі төл атаулардың қатарына кіретіндігі даусыз. Сондай-ақ Ресей империясының бодандығына кірумен байланысты жаңадан пайда болған, бірақ тілдің бұрынғы сөзжасам жүйесімен етене қабысып жатқан «*орус төрә* (русский чиновник), *орус казак төрөсұ* (казачий офицер), *аға төрө* (старший уездный султан), *төрөлүк* (зат) (төрә+лік) дворянство, достоинство султана: *төрөлүккә ңеткән (мінгән)* – человек, достигший выдающегося положения» тәрізді атаулардың сол кезеңдегі тілімізден орын алғандығын көреміз. Ал енді *ақ патша* атауының семантикасы айқын. Ол орыс тіліндегі «белый царь» ұғымының қазақ тіліне калька жолымен аударылған нұсқасы екендігі дау тудырмайды. «*Төлеңгіт* (зат) крепостные для служения султану; *ңарлы* (сын) бедный; *ңақыбай* (сын) бедняк; *әкім* = араб. *حاکم* начальник; *ұәзір* = араб. *وزیر* визирь: *ңір қан болдұ*, *қаның бір ұәзірї болдұ* – жил царь и у него был визирь; *нөгөр* (зат) служитель: *нөгөрұ аскалы кетті* – его пошли варить пишу; *елші* посланник, вестник: *ханнан елші келді* – от хана пришел посланник, *әскер* 2) воин: *әскер басы* – командующий войсками; *казы* (зат) (2) 1) судья: *кедейдің казысын жеген ұры казы болмайды* – не быть тому судьей, кто воровал у бедняка его колбасу; 2) заседатели уездного правления (дувана); *назыр* (зат) араб. 1) смотрящий, взглянувший; 2) смотритель; *тілмаш* (зат) – тілмач; переводчик; *тыңшы* (зат) 1) подслушивающий, шпион; *жансыз* (сын) (жан+сыз) 2) шпион;

жаушы (зат) посредник; *саудагер* (зат) – торговец; *цатак* (зат) (жат+ак) 1) оседлый; *егінші* – пахарь, рабочий на пашнях: *бу аул емес егіншінің үйіору* – это не ауыл, а просто юрты пахарей; *егіншіләр үәі уактында аулман көшпас* пахари не кочуют летом с аулом; *егіншінің атындаі кішанің бар* у тебя пути на ногах, как у лошади пахаря» т.б. тәрізді атаулардың семантикасы айқын, бұрынғы дәстүрлі сөзжасам жүйесіне құрылғандығы анық.

Сөздікте орыс тілінен енгендігі айқын көрсетіліп тұрған *указнай* (указный мулла), *көпес* (купец) атаулары аталып отырған мамандықтың сол кезеңде орын алғандығынан хабар береді. «*Дартыбас* (сын) (жарты+бас) каторжник, разбойник» атауынан бейнелі қолданымды көреміз. *Дарғышы* (человек, умеющий уничтожать колдовство), *жазушы* (пишущий), *жайдары* (бухарский киргиз – торговец), *жайшы* (умеющий заговорить погоду), *жауырыншы* (жаурыншы: предсказатель по лопатке), *жырышы* (певец), *жылқышы* (пастух лошадей), *жүкші* (извозчик, сопровождающий воз), *жұлдызшы* (предсказатель по звездам), *жәрдемші* (помощник), *пішімпаз* (занимающийся легчением, холощением скота), *арбашы* (извозчик), *атқыш* (стрелок), *аспазшы* (повар), *етікші* (сапожник), *емші* (врач), *өнербет* (художник, ремесленник), *өлеңші* (певец), *ысышы* (умеющий коптить кожу), *ісетші* (человек, предсказывающий погоду), *іші* (дубильщик), *ұлаушы* (подводчик, ямщик или сопровождающий подводы), *ұста* (ремесленник, кузнец), *қарауылышы* (караул), *қатшы* (писарь), *қазанышы* (повар), *қосшы* (прислуга во время путешествия), *қобызшы* (скрипач), *қырқушы* (стригущий), *құланышы* (певец, музыкант), *құмалақышы* (прорицатель, знахарь), *көмірші* (истопник), *кіндік шеше* (повивальная бабка), *кіреші* (едущий с караваном, с обозом), *нанышы* (торговец хлеба, хлебопек), *лау* зат. (подвода), *лаушы* (подвозчик), *тасушы* (перевозчик: *сұ тасушы* – водовоз), *темірші* (кузнец), *тігүші* (портной, швея: *ки(і)м тігүші* – портной; *тігүші катын* – швея), *тіркеуші* (записывающий в книгу), *дәргір* (врач) сөздері де сол кезеңдегі тіршілікте орны бар кәсіп иелерін немесе іс-шаруа түрлерін айғақтайды. Ерекше назар аударатын атаудың бірі – *тәнтәиші* (следователь). Тәптештеу ісінің қимыл атауы ретінде қалыптасқан. Қазіргі кезеңде де қолдануға болатын атау тәрізді. Тағы бір ерекше қызмет атаулары – қазіргі қазақ тілінде кеңінен қолданылатын жұмысшы және қызметкер атаулары. ХІХ ғасыр сөздігінде «жұмысшы» – шенеунік, служащий (қызметкер) мәнінде қолданылып отыр. Ал енді «қызметкер» сөзі тұрақты түрде қожайынының қызметінде жүретін адамды атайды. Жалдамалы жұмысшыны не қызметкерді «жалшы» деп атау орынды. Сондықтан ескі сөздіктегі осы атауды қазір де қолданымға енгізуге болатын тәрізді. Келтірілген мамандық атаулары сол кезеңдегі, яғни ХІХ ғасырдағы қазақ елінде орын алған кәсіп түрлерін көрсетеді.

В.В. Радлов сөздігінде семантикасы жақсы ашылған сөздердің бірі – «жиырма» сөзі: «*ірма* (сан) 1) двадцать; 2) «двадцатка» т.е. известная средней стоимости (около 150 рублей) киргизы рассчитывают калым по *ірма*; *нешә ірма берәсіз?* – сколько джирма вы даете? *төрт ат, төрт кулундү бія, төрт маі, төрт кунажын бір ірма* – четыре лошади, четыре кобылы с жеребьятами, четыре лошади по второму, четыре лошади по третьему году (два жеребчика и две кобылки) считаются одной джирма; *бір ірма ат бір ірма сыяыр мінән тең болады* – одна джирма лошадей равняется одной джирме рогатого скота; *бір ірма ат үч ірма коімінән тең болады* – одна джирма лошадей равняется трем джирма овец; *екі ат, екі тўя, екі атан бір ірма* – две лошади, два верблюда и две верблюдицы составляют одну джирма» (Радлов, 1911). Қазіргі замандағы этнографиялық әдебиет бойынша, «ЖИЫРМА – қалыңмалдың орта мөлшерін білдіретін ұғым. Құда түсіп, қалыңмал мәселесін келіскен кезде жиырмаға қараған, яғни жиырма атқа тоқталған. Мұндағы жиырма қара қалыңмалдың өзегі болған. Жиырма аттың құны кейде жүз қоймен есептелінген» (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2012). Этнографиялық әдебиет бойынша: «ҚАЛЫҢМАЛ – күйеу әкесінің қалыңдық үшін қыз әкесіне беретін малы. Қалыңмал, яғни қалыңдық үшін берілетін мал, байырғы қазақ тұрмыс-салтында бірнеше кезеңнен тұратын құдаласу үрдісінің алғашқы және аса маңызды актісі болып саналады. Қалыңмалды ықшамдап қалың деп те атаған... Қалыңмалдың әлеуметтік жағдайға байланысты түрлері. Құдаласушы жақ өздерінің дәулетіне, әл-ауқатына қарай Қ.-дың құдаласу салтында ел ішінде орныққан үш мөлшерінің біріне тоқталып уағдаласады. Біріншісі – 47 байтал, екіншісі – 37 байтал, үшіншісі – 27 байтал. Осы үш

мөлшердің біріне тоқталған соң, қалыңмалдың құрамына келіседі. Бұл жерде «байтал» – шартты мөлшер. Байталдың орнына түйе немесе құлынды бие болса, бір түйе – 4-5 байтал, ал құлынды бие – екі-үш байталдың құнына, жүз қой берсе, он қой бір атқа есептелуі мүмкін. Бірақ, түптеп келгенде, қалыңмал байталдың құнымен есептелген. Өйткені қалыңның өзегі қара мал (жылқы) болған. Н.Гродековтің материалында қара малдың мөлшері бір жиырмадан бес жиырмаға дейін жеткен деген дерек бар. Қалыңға қырық қара, жүз қой берсе, өзегі екі жиырма – қырық қара болып есептелген. Қалыңмалдың негізін қарамал құрайды. Сондықтан құдаласу салтында бұл ұғымның ерекше мәні болған. Қалыңмалдың өзегі, яғни негізі 20 қара болса, күйеу жігіттің әкесі 16 жылқы береді. Оның ішінде кем дегенде 4-еуі жақсы ұрғашы мал болады да, сол төртеудің болашақ төлімен жиырма деп есептеледі» (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2012).

Алдын ала нақтылап алатын жағдай, этнографиялық әдебиетте аталып отырған «қара мал» сөзі «ірі қара», «ірі қара мал» дегенді білдіреді, яғни бұл жерде жас мал емес, ең алдымен үлкен жылқы, болмаса түйе, сиыр туралы сөз болып отыр. Енді В.В. Радлов сөздігіндегі жоғарыда келтірілген деректерді осы этнографиялық әдебиетте көрсетілген деректермен салыстыра зерделеп көрелік. Жоғарыда «қалыңмалдың негізі 20 қара болса, күйеу жігіттің әкесі 16 жылқы береді. Оның ішінде кем дегенде 4-еуі жақсы ұрғашы мал болады да, сол төртеудің болашақ төлімен жиырма деп есептеледі» делінген. Қалыңға қанша мал бересіз? – деген сұрауға «төрт ат, төрт құлынды бие, төрт дөнежін, төрт құнажын – бір жиырма» деген жауап алдық. Яғни, $4 + (4 + 4) + 4 + 4 = 20$. Демек, ғалым деректі дұрыс келтіріп отыр. Негізінен, дұрыс. Алайда қазіргі этнографиялық әдебиетте «жиырма аттың құны кейде жүз қоймен есептелінген» деген дерек айтылса, В.В. Радлов «бір жиырма ат бір жиырма сиырменен тең болады», «бір жиырма ат үш жиырма қойменен тең болады» деген тұжырым айтады. Яғни, 100 қой емес, 60 қой. Ғалым қалыңмалдың санын азайтып отыр. Бірақ біз оның айтқанын қате деуден аулақпыз. Себебі әр жерде әртүрлі шама болуы әбден мүмкін. В.В. Радлов бұдан әрі азайтып, «*екі ат, екі түйе, екі атан бір жиырма*» дейді. Демек, екі ат, екі ұрғашы түйе, екі еркек түйе бір жиырмаға тең болады екен. Жоғарыда, этнографиялық әдебиетте, бір түйенің 4-5 байталға тең болатыны айтылды. Яғни, түйе аса құнды мал екен. Осы есеп бойынша да ғалымның қалыңмал мөлшерін шамамен дәл көрсеткеніне көз жеткізуге болады!

Қорытынды

Жоғарыда келтірілген сөздердің семантикасын талдай келе, В.В. Радлов сөздігі жөнінде мынадай тұжырым жасаймыз:

- 1) В.В. Радлов бір сөздің әр түркі тілдеріндегі фонетикалық варианттарын жүйелі түрде көрсетіп отырған;
- 2) реестрге алынған әр сөздің қай түркі тілінің лексикасы екенін қысқартылған шартты белгілермен көрсете отырып, сөйлемдер арқылы нақты семантикалық талдау жасаған;
- 3) сөздікте негізінен фонетикалық принцип басшылыққа алынып отырғанымен, берілген қазақ лексикасының сөздік мақалаларындағы сөз семантикасын ашуда ерекше лексика-семантикалық топтастыру тәсілінің орын алып отырғандығы белгілі болды;
- 4) сөздікте берілген кейбір қазақ сөздерінің қазіргі әдеби тілдегі қолданыстан аздаған семантикалық айырмашылықтары бар;
- 5) В.В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикасы мен қолданысы тілдің динамикалық даму барысында қазіргі қазақ тілінде сәл өзгеріске ұшыраған;
- 6) кейбір тарихи сөздердің, ономастикалық атаулардың В.В. Радлов көрсеткен мән-мағынасы қазіргі қазақ тілінде кездеспейді;
- 7) реестрге алынған сөздің семантикасын тереңінен ашу үшін сол кезеңдегі тілдегі фразеологизмдерді де қолданған.

Қорыта келгенде, классикалық түркология саласында осындай теңдессіз еңбек қалдырған бірегей лексикограф В.В. Радловтың бұл сөздігі қазақ тілінің тарихын зерттеуде құнды еңбек болып табылады.

Әдебиеттер

- Кондучалова С. Материалы по киргизскому языку, собранные В.В. Радловым: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, Фрунзе, 1964. – 24 с.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-том. – Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012. – 700 б.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. – Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012. – 736 б.
- Құлманов С., Бүркітбай Г. В.В. Радлов сөздігінің лексикалық құрамы: араб, парсы кірме сөздері және олардың қазіргі кездегі терминдену үдерісі // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. 1(72) – Алматы, 2024. – 174-191 бб.
- Малбақұлы М., Бердиллаева М. В.В. Радлов сөздігіндегі қазақ сөздерінің лексикалық құрамы туралы // Tiltanym. – 2024, №1 (93). – 13-26-бб. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-13-26>
- Мамырбек Г. В.В. Радлов сөздігіндегі лексикографиялық параметрлер // «Қазақстандағы ұлттық жарнама тілін қалыптастыру және цифрландыру» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2023. – 197-201-бб.
- Мамырбек Г., Малбақов М., Сейітбекова А. В.В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикалық ерекшеліктері // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2024, №2. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.05>
- Мусаев С.Ж., Садыкова С.З. Лексика кыргызского языка в словаре В.В. Радлова «Опыт словаря тюркских наречий» // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2018, №1 (74), Ч. 2. – С. 345-348.
- Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Том I. – СПб.: Тип. Имп. акад. наук, 1888.
- Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Том IV. Кн.1 – СПб.: Тип. Имп. акад. наук, 1911.
- Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Том I-IV. – СПб.: Тип. Имп. акад. наук, 1888-1911.
- Садыкова С.З., Мусаев С.Ж. Труд В.В. Радлова «Фонетика северных тюркских языков» и некоторые актуальные проблемы кыргызского языкознания // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2017, №10 (76), Ч.2. – С. 151-155.
- Таймуллина Қ.Қ. Қазақ лексикографиясы: екі тілді аударма сөздіктердің микроқұрылымы // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2020, №1. – 257-262-бб. <http://egi.kz/wp-content/uploads/2020/04/Vestnik-EAGI-1-2020.pdf>.
- Хусаинов К. В.В. Радлов и казахский язык. – Алматы: Наука, 1981. – 172 с.
- Штернберг Л. Из жизни и деятельности Василия Васильевича Радлова // Живая старина. Вып.2-3. – Спб., 1909.

References

- Husainov, K. (1981) V.V. Radlov i kazahskij jazyk. Almaty: Nauka, 172 s. [Khusainov, K. (1981) V.V. Radlov and the Kazakh language. Almaty: Science, 172 p.] (in Russian)
- Konduchalova, S. (1964) Materialy po kirgizskomu jazyku, sobrannyye V.V. Radlovym: avtoref. ... kand. filol. nauk. Alma-Ata, Frunze, 24 s. [Konduchalova, S. (1964) Materials on the Kyrgyz language collected by V.V. Radlov: abstract ... Candidate of Philology Sciences. Alma-Ata, Frunze, 24 p.] (in Russian)
- Malbaquuly, M., Berdillaeva, M. (2024) V.V. Radlov sozdigindegi qazaq sozderining leksikalıyq quramy turaly. Tiltanym, 2024, №1 (93), 13-26-bb. [Malbakuly M., Berdillaeva M. About the lexical composition of Kazakh words in the dictionary of V.V. Radlov. Tiltanym, 2024, №1 (93), pp. 13-26] <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-13-26> (in Kazakh)
- Mamyrbek, G. (2023) V.V. Radlov sozdigindegi leksikografıjalyq parametrler. «Qazaqstandagy ulttyq zharnama tilin qalyptastyru zhane cifrlandyru» atty halyqaralyq gylimi-teorijalyq konferenciya materialdary. Almaty, 197-201-bb. [Mamyrbek, G. (2023) Lexicographic parameters in the dictionary of V.V. Radlov. Materials of the international scientific and theoretical conference “Formation and Digitalization of the National Advertising Language in Kazakhstan”. Almaty, pp. 197-201.] (in Kazakh)
- Mamyrbek, G., Malbaqov, M., Seitbekova, A. (2024) V.V. Radlov sozdigindegi bajyrgy sozderding semantikalıyq erekshelikteri. Eurazija gumanitarlyq institutynıng Habarshysy. «Filologija gylımdary» serijasy, №2. [Mamyrbek, G., Malbakov, M., Seitbekova, A. (2024) Semantic features of indigenous words in the V. Radlov dictionary. Bulletin of the Eurasian Humanitarian Institute. Series “Philological Sciences”, №2.] <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.05> (in Kazakh)
- Musaev, S.Zh., Sadykova, S.Z. (2018) Leksika kыргызского языка в словаре В.В. Радлова «Опыт словаря тюркских наречий». Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki, №1 (74), Ch. 2, S. 345-348. [Musaev, S.Zh., Sadykova, S.Z. (2018) The vocabulary of the Kyrgyz language in the dictionary of V. Radlov “The experience of the dictionary of Turkic dialects”. Philological sciences. Questions of theory and practice, No.1 (74), Part 2, pp. 345-348.] (in Russian)
- Qazaqtıng etnografıjalyq kategorijalar, ugymdar men ataularynyng dasturli zhujesi (2012). Enciklopedija. 2-tom. Almaty: RPK «Slon» DPS, 700 b. [The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names (2012). Encyclopedia. Volume 3. Almaty: PPK “Elephant” DPS, 700 p.] (in Kazakh)
- Qazaqtıng etnografıjalyq kategorijalar, ugymdar men ataularynyng dasturli zhujesi (2012). Enciklopedija. 3-tom.

Almaty: RPK «Slon» DPS, 736 b. [The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names (2012). Encyclopedia. Volume 3. Almaty: PKK “Elephant” DPS, 736 p.] (in Kazakh)

Qulmanov, S., Burkitbaj, G. (2024) V.V. Radlov sozdigining leksikalyq quramy: arab, parsy kirme sozderi zhane olardyng qazirgi kezdegi termindenu uderisi. Abylaj han atyndagy QazHQ zhane ATU Habarshysy. «Filologija gylymdary» serijasy, 1(72). Almaty, 174-191-bb. [Kulmanov, S., Burkitbai, G. (2024) Lexical composition of the dictionary of V.V. Radlov: Arabic, Persian input words and the process of their modern terminalization. Bulletin of the Abylai Khan Kazakh National University. Series “Philological Sciences”, 1(72). Almaty, pp. 174-191.] (in Kazakh)

Radlov, V.V. (1888) Opyt slovarja tjurkskih narechij. Tom I. SPb.: Tip. Imp. akad. nauk. [Radlov, V.V. (1888) The experience of the dictionary of Turkic dialects. Volume I. St. Petersburg: Printing House of the Imperial Academy of Sciences.] (in Russian)

Radlov, V.V. (1911) Opyt slovarja tjurkskih narechij. Tom IV. Kn.1. SPb.: Tip. Imp. akad. nauk. [Radlov, V.V. (1911) The experience of the dictionary of Turkic dialects. Volume IV. Book 1. St. Petersburg: Printing House of the Imperial Academy of Sciences.] (in Russian)

Radlov, V.V. (1888-1911) Opyt slovarja tjurkskih narechij. Tom I-IV. SPb.: Tip. Imp. akad. nauk. [Radlov, V.V. (1888-1911) The experience of the dictionary of Turkic dialects. Volume I-IV. St. Petersburg: Printing House of the Imperial Academy of Sciences.] (in Russian)

Sadykova, S.Z., Musaev, S.Zh. (2017) Trud V.V. Radlova «Fonetika severnyh tjurkskih jazykov» i nekotorye aktual'nye problemy kyrgyzskogo jazykoznanija. Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki, №10 (76), Ch. 2, S. 151-155. [Sadykova, S.Z., Musaev, S.Zh. (2017) V.V. Radlov's work “Phonetics of the Northern Turkic languages” and some actual problems of Kyrgyz linguistics. Philological sciences. Questions of theory and practice, No.10 (76), Part 2, pp. 151-155.] (in Russian)

Shternberg, L. (1909) Iz zhizni i dejatel'nosti Vasilija Vasil'evicha Radlova. Zhivaja starina, Vyp. 2-3, Spb. [Shternberg, L. (1909) From the life and work of Vasily Vasilyevich Radlov. The living antiquity. Issue 2-3, St. Petersburg.] (in Russian)

Taimullina, Q.Q. (2020) Qazaq leksikografijasy: eki tildi audarma sozdikterding mikroqurylymy. Eurazija gumanitarlyq institutynyng Habarshysy, No1, 257-262-bb. [Taimullina, K. (2020) Kazakh lexicography: microstructure of bilingual translation dictionaries. Bulletin of the Eurasian Humanitarian Institute, №1, pp. 257-262.] <http://egi.kz/wp-content/uploads/2020/04/Vestnik-EAGI-1-2020.pdf>. (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 09.07.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 03.09.2024.

© Малбақов М., Бердиллаева М., Малбақов Д., 2024

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024